


**2023 жылдың мамыр айындағы
іскерлік белсенділік туралы
ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі**

Мамыр айында біршама бәсеңдеген іскерлік белсенділік **50,6**-ны құрап, оң аймақта қалды. Барлық сектор үшін жеткізу мерзімінің ұзаққа созылуы іскерлік белсенділікті тежеуші фактор болып қалып отыр.

Көрсеткіштің жақсара түскені өндірісте байқалды. Мұнда индекс **50,2** (сәуірде – 49,4) құрап, оң аймаққа өтті. Қызмет көрсету секторында да іскерлік белсенділік индексі **51,1**-ге дейін (сәуірде – 51,8) біршама төмендегеніне қарамастан, оң аймақта тұр. Құрылыс пен тау-кен өндіру өнеркәсібінде іскерлік белсенділіктің тиісінше **49,6**-ға дейін (сәуірдегі 49,9-дан) және **49,5**-ке дейін (сәуірдегі 49,8-ден) едәуір төмендегені байқалды. Тауарлы-материалдық қор көлемінің төмендеуі тау-кен өнеркәсібіндегі көрсеткіштің динамикасына әсер етті. Жаңа тапсырыстардың көлемі артқанына қарамастан, құрылыста жеткізу мерзімі ұзарып, жұмыспен қамту деңгейі түскендіктен көрсеткіш төмендеді.



Бизнес-ахуал индексі аздап артып, қазіргі және келешек бизнес жағдайларды бағалау да жақсара түсті. Көрсеткіш өндіріс пен қызмет көрсету секторында өсіп, құрылыс пен тау-кен өндіру өнеркәсібінде төмендегені байқалды.

Осылайша, **қазіргі және келешек** бизнес жағдайларды орташа бағалауды білдіретін **бизнес-ахуал индексі** 15,4-ті (2023 жылғы сәуірде – 14,0) құрап, бизнес-цикл «сағатының» индикаторы **өсу** аймағында қалды.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>